



**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Украинаның Мемлекеттік салық әкімшілігі арасындағы этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіруді бақылау саласындағы өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 қыркүйек N 1252

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Украинаның Мемлекеттік салық әкімшілігі арасындағы этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіруді бақылау саласындағы өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі келіссөздер жүргізсін және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Украинаның Мемлекеттік салық әкімшілігі арасындағы этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіруді бақылау саласындағы өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу туралы келісімге қол қойсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Украинаның Мемлекеттік салық әкімшілігі арасындағы этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндіруді бақылау саласындағы өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу туралы Келісім**

*(Осы Қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді - СИМ-нің ресми сайты)*

Бұдан былай "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Украинаның Мемлекеттік салық әкімшілігі, байланыстарды нығайту мен кеңейтудегі өзара мүдделілікті назарға ала отырып, этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру мен оның айналымын бақылау саласында ынтымақтастықты дамытуға ұмтылыс білдіре отырып, этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді бақылау саласында ынтымақтастықты жүзеге асыру тетігін жасау қажеттілігін ұғына отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Тараптар ынтымақтастыққа және өзара мүдделерді қорғауға ұмтылатын болады.

Тараптар мемлекеттік реттеу шараларын әзірлеу мен нормативтік-құқықтық базаны дамытуды қоса алғанда, этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы, бақылау мәселелері бойынша кеңесіп отырады.

Тараптар бір бірін ақпаратпен қамтамасыз етуге ұмтылатын болады.

Тараптар тәжірибе алмасу үшін жағдай жасайды.

## **2-бап**

Тараптар төмендегі мәселелер бойынша қолда бар ақпаратты бір біріне беріп отыруға әзір екенін білдіреді, олар мыналар:

этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру көлемі;

этил спирті мен алкоголь өнімінің импорты мен экспортының көлемі;

этил спиртінің емдік және фармацевтикалық препараттарды өндірушілерге және мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелеріне беру көлемі.

Тараптар Тараптардың ұлттық мемлекеттік заңнамаларына сәйкес этил спирті мен алкоголь өнімдерінің өндірісі мен айналымына бақылау жасау саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді, технологиялық, анықтамалық және өзге де құжаттарды өзара ұсынуды қамтамасыз етеді.

Егер беретін Тарап олардың құпиялылығын ескертетін болса, Тараптар этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру мен оның айналымын бақылау саласында жүргізілетін қызмет туралы алынатын құжаттама мен ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Бұл ақпарат оны ұсынған Тараптың жазбаша келісімімен ғана үшінші Тарапқа берілуі мүмкін.

## **3-бап**

Осы Келісімнің ережелерін қолдану мен түсіндіруге қатысты даулар мен келіспеушіліктер консультациялар және келіссөздер арқылы шешіледі.

## **4-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке Хаттамалармен ресімделетін болады.

## **5-бап**

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және қол қойылған кезден бастап күшіне  
е н е д і .

Осы Келісім Тараптардың бірі екінші Тараптың Келісімнің қолданылуын тоқтату  
ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап отыз күн өткен соң күшін  
жояды.

Астана қаласында 2001 жылғы "\_\_\_" қыркүйекте әрқайсысы қазақ, украин және  
орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды, оның үстіне барлық мәтіндердің  
түпнұсқалылығы бірдей болып табылады.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда  
Тараптар орыс тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
үшін үшін

Украинаның Мемлекеттік  
салық әкімшілігі

М а м а н д а р :  
Б а г а р о в а Ж . А . ,

Жұманазарова А.Б.